

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Черкасское ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары екілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихатының 2014 жылғы 30 қаңтардағы N 20-14 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 наурызда N 2589 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 8-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 22.09.2023 № 8-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы маслихатының 11.03.2022 № 9-19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Аққайың ауданының мәслихаты **ШЕШІТІ**:

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Черкасское ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық бөлек жиындарын өткізу қағидасы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы маслихатының 11.03.2022 № 9-19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Черкасское ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары екілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы маслихатының 11.03.2022 № 9-19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

IV шақырылған XX сессия

төрайымы

И. Гонтарь

"КЕЛІСІЛДІ":

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданының

Черкасс ауылдық округінің әкімі

Аққайың ауданы мәслихатының

хатшысы

К. Құрманбаев

Гаврик Ю.Б.

2014 жылғы 30 қаңтар

Аққайың ауданы мәслихатының

2014 жылғы 30 қаңтардағы № 20-14

шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Черкасское ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің қағидасы

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы маслихатының 11.03.2022 № 9-19 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Черкасское ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің осы қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Занының 39-3-бабының 6-тармағына сәйкес өзірленді және Черкасское ауылдық округі ауыл тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін Черкасское ауылдық округі аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – Черкасское ауылдық округінің ауыл тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2-taraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Черкасское ауылдық округінің аумағы участекерге (ауылдарға) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Черкасское ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Черкасское ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді Черкасское ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Черкасское ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Черкасское ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Черкасское ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Аққайың ауданы мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Черкасское ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Черкасское ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы маслихатының 11.03.2022 № 9-19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Елді мекенниң атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Черкасское ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Черкасское ауылдық округінің Черкасское ауылының тұрғындарына	3
Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Черкасское ауылдық округінің Добровольское ауылының тұрғындарына	3
Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Черкасское ауылдық округінің Новороссийское ауылының тұрғындарына	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК